

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің
«Кәсіптік оқыту» кафедрасының 25.03. 2022 жылғы №4 хаттамасынан
көшірме**

Төраға – Жолдасбекова С.А.

Хатшы – Ахмет Л.С.

Қатысқандар: п.ғ.д., профессор Жолдасбекова С.А., п.ғ.д., доцент Саипов А.Б., п.ғ.к., доцент Камалов Ю.Н., п.ғ.к., аға оқытушы Ахмет Л.С.

Күн тәртібінде:

1. 6D012000-«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен ресми рецензенттерін бекіту және қорғау күнін белгілеу
2. Диссертация кеңесінің төраға орынбасарын ауыстыру туралы

Тыңдалды:

Мәжіліс төрағасы п.ғ.д., профессор Жолдасбекова С.А.: 2022 жылдың 28 сәуірінде сағат 16:00-де «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша бойынша Диссертациялық Кеңестің отырысында PhD докторанты Н.П.Тәңкіштің диссертациялық жұмысын қорғау жоспарлануда. Осыған орай, осы жиында 6D012000-«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерді бекітсек. Сонымен қатар, диссертациялық кеңестің төраға орынбасарын ауыстыру туралы мәселелерді қарастырып алсақ.

Сөз алды: п.ғ.д., доцент Саипов А.Б.: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері, «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша Тәңкіш Нәзира Полатқызының «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыптағы диссертациялық жұмысын қорғауына мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің п.ғ.д., профессор Атемова Қалипа Тұрсынқызын және Абай атындағы ҚазҰПУ п.ғ.д., профессор Қозыбай Анарбек Қозыбайұлын ұсынар едім. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінен п.ғ.д., профессор Сманов Ілесхан Сманұлын айтар едім. Бұл ғалымдардың ғылым саласына сіңірген еңбегі зор. Қосымша -1 ғылыми еңбектер тізімімен танысып шықсаңыздар болады.

Сөз алды: п.ғ.к., доцент Камалов Ю.Н.: Амангелді Байдуллаевич, сіздің сөзіңізбен толық келісемін. Мен де Орталық Азия инновациялық университетінің п.ғ.д., профессор Мусабекова Гульнар Тажибаевнаның еңбектерін зерделеп қарап шығуларыңызды сұраймын. Г.Т.Мусабекованың да еңбектері талапқа сай деп есептеймін. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті анықтаған рецензияланған

ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда, SCOPUS базасына кіретін рецензияланған халықаралық журналда жарық көрген еңбектері жеткілікті.

Сөз алды: п.ғ.к., Ахмет Л.С.: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері, мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы, «Кәсіби педагогикалық білімді дамыту институтының» директоры, п.ғ.к., Галимжанова Маржан Анесовнаны, Әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінен п.ғ.к., Шағырбаева Меңтай Доғдырбаевнаны айтар едім. Жұмыстары бар Scopus базасына мақалалары шыққан. Талаптарға сай келеді деп ойлаймын.

Мәжіліс төрағасы п.ғ.д., профессор Жолдасбекова С.А.: Басқа қандай ұсыныстарыңыз бар? Басқа сұрақ жоқ болса, құрметті диссертациялық кеңес мүшелері, сіздердің пікірлеріңізді ескере отырып, Н.П.Тәңкіштің «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыптағы диссертациялық жұмысын қорғауына ресми рецензенттер мен диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін төмендегідей құрамда бекітуді ұсынамыз.

Ресми рецензенттер:

Атемова Қалипа Тұрсынқызы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті;

Қозыбай Анарбек Қозыбайұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Абай атындағы ҚазҰПУ.

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің құрамы:

Мусабекова Гульнар Тажибаевна – п.ғ.д., профессор. Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент қ, Қазақстан;

Сманов Ілесхан Сманұлы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ, Қазақстан;

Галимжанова Маржан Анесовна – педагогика ғылымдарының кандидаты. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы, «Кәсіби педагогикалық білімді дамыту институтының» директоры. Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан;

Шағырбаева Меңтай Доғдырбаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты. Әл-Фараби атындағы Ұлттық университеті, Алматы қ, Қазақстан.

Сондай ақ, диссертация кеңестің төраға орынбасарын ауыстырамыз. Себебі, докторант Н.П. Тәңкіштің Отандық кеңесшісі п.ғ.к., доцент Ю.Н.Камалов. Сондықтан п.ғ.д., доцент А.Б.Саиповты диссертация кеңестің төраға орынбасары етіп ұсынайық және ресми рецензенттер мен уақытша кеңес мүшелерін бекітуді дауысқа салайық.

Дауыс беру нәтижесі: «Ия»-барлығы, «Қарсы»-жоқ, «бейтарап»-жоқ.

Қаулы етеді:

1. 6D012000- «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторанты Н.П.Тәңкіштің диссертациялық жұмыстарын қорғауна диссертациялық кеңестің ресми рецензенттер: п.ғ.д., профессор Қозыбай Анарбек Қозыбайұлы, п.ғ.д., профессор Атемова Қалипа Тұрсынқызы бекітілсін.
2. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері: п.ғ.д., профессор Мусабекова Гульнар Тажибаевна, п.ғ.д., профессор Сманов Ілесхан Сманұлы, п.ғ.к., Галимжанова Маржан Анесовна, Шағырбаева Ментай Доғдырбаевна бекітілсін.
3. Диссертация кеңестің төраға орынбасары п.ғ.д., доцент А.Б.Саипов тағайындалсын.
4. Диссертациялық қорғау күні 2022 жылдың сәуір айының 28-ші жұлдызына аралас форматта (онлайн/оффлайн) өткізу бекітілсін.

«Кәсіптік оқыту» кафедрасының
менгерушісі: п.ғ.д., профессор

Хатшы:



Жолдасбекова С.А.



Ахмет Л.С.